

Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне машиналар мен механизмдердің жекелеген түрлеріне қатысты өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 11 сәуірдегі № 47 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 19-бабына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **ш е ш і**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына және Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) № 1 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасынан қосалқы позиция алып тасталсын;

б) № 2 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына қосалқы позиция енгізілсін;

в) № 3 қосымшаға сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу баждарының ставкалары белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсіміне орналастырылған машиналар мен механизмдердің жекелеген түрлерін мүше мемлекеттердің аумағына әкелу туралы № 4 қосымшаға сәйкес нысандағы ақпаратты есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей Еуразиялық экономикалық комиссияға беруді кедендік органдарға тапсыру сұралсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ Дүниежүзілік сауда ұйымына қосылу шарты ретінде қабылданған міндеттемелерге сәйкес Қазақстан Республикасы Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі баждарының ставкаларымен салыстырғанда неғұрлым төмен кедендік әкелу баждарының ставкаларын қолданатын тауарлардың тізбесіне және машиналар мен механизмдердің жекелеген түрлеріне қатысты осындай ставкалардың мөлшеріне өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енген күннен кейін ғана күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 11 сәуірдегі
№ 47 шешіміне
№ 1 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар
номенклатурасынан алып тасталатын
КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

СЭҚ ТН	Позицияның атауы	Қосым. бірлік өлшемі
	– – жер асты жұмыстары үшін арнайы жасалған:	
8430 50 000 2	– – – қарпуы аз тазалау машиналары	шт
8430 50 000 3	– – – басқа	шт

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 11 сәуірдегі
№ 47 шешіміне
№ 2 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар
номенклатурасына енгізілетін
КШП ҚОСАЛҚЫ ПОЗИЦИЯ**

Код ТН ВЭД	Наименование позиции	Доп. ед. изм.
	– – жер асты жұмыстары үшін арнайы жасалған:	
8430 50 000 4	– – – кен қазбаларында кеңейту ойықтарын кесуге арналған машиналар	шт
8430 50 000 5	– – – басқа	шт

* ЕАЭО СЭҚ ТН 8430 50 000 қосалқы позициясынан кейінгі коды жоқ кіші қосалқы позиция.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 11 сәуірдегі
№ 47 шешіміне
№ 3 ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу
баждарының
СТАВКАЛАРЫ**

--	--	--

СЭҚ ТН коды	Позицияның атауы	Кедендік әкелу бажының ставкасы (кедендік құнына пайызбен не еуроға не АҚШ долларында)
8430 50 000 4	— — — кен қазбаларында кеңейту ойықтарын кесуге арналған машиналар	0
8430 50 000 5	— — — өзгелері	5

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 11 сәуірдегі
№ 47 шешіміне
№ 4 ҚОСЫМША
(нысан)

**Ішкі тұтыну үшін кедендік шығару рәсіміне орналастырылған машиналар мен
механизмдердің жекелеген түрлерін Еуразиялық экономикалық одақтың аумағына әкелу
туралы**

А Қ П А Р А Т

_____ ж. тоқсан үшін _____

ЕАЭО СЭҚ ТН коды	Тауарларға арналған декларацияның 31-графасында көрсетілген тауардың атауы	Саны (дана)
8430 31 000 0	1. 2. ...	1. 2. ...
8430 39 000 0	1. 2. ...	1. 2. ...
8430 50 000 5	1. 2. ...	1. 2. ...